

**Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "iBala" балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2-3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу; Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Балалар түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндерді тыңдайды; Әннің сөздері мен жеке буындарды айтып, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтып, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айкайламай айтуға қалыптасқан.

**Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "iBala" балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	Музыка тыңдау: 2) әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Ән айту:) әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру:) музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру;) қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу; Күтілетін нәтиже: Балалар әнді тыңдап, сипатын ажырата біледі; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталап әнді ести отырып, ілесе айта білу дағдылары жетілген; Музыкалық шығарманың мағынасын түсінеді; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасап; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогқа ілесе қайталайды.

